

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**"Тазалық еліне саяхат"**ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.12.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/112031/>**«Тазалық еліне саяхат»**

**Мақсаты:** балалардың қызығушылығын арттыру. Денсаулықтарын нығайту. Бастаған істерді аяғына дейін орындауды дағдыландыру. Жұптаса, ұжымдаса жұмыс жасауды жаттықтыру. Жолда жүру ережелерін бекіту.

**Алдын-ала жұмыс:** денсаулық туралы, тазалық туралы әңгімелесу. Мақал-мәтелдер жаттау.

Спорт алаңы әшекейленген. Айналада түрлі-түсті шарлар.

**Жүргізуші:** Балалар бәріміз тазалық туралы білеміз солай ғой, сөйтсек те қазір біз тазалық туралы айтайықшы. ( балалар жауабы )

- Ал енді, балалар тазалық еліне саяхатқа шықпас бұрын, көзімізді жұмып, шуақ шашқан күннің, лебіз берген желдің, көтеріп тұрған жер Ананың, тыныс берген ауаның, бізге деген жылы шуағын, шапағатын сезінейік.

- Енді жол болсын:

Балалар бірінің артынан бірі поезд болып жүреді. Пш-пш-пу-пу.

Бір шеңбер айналады, бағдаршамға кездеседі.

**Бағдаршам:**

Менің үш көзім бар :

Бір көзім тұр дейді.

Бір көзім жүр дейді

Бір көзім абайла дейді

Жан-жағыңа қарайла дейді.

Жол болсын, қайда кеттіңдер!

**Жүргізуші:** иә, бағдаршам біз гигиена еліне саяхатқа шығып барамыз.

Бағдаршам: ондай болсаәлі сендерде уақыт барда мынадай ойын ойнаңдаршы.

Қимыл-қозғалысты ойын: «Түсіне қарай қимыл жаса». Жасыл түсте жүреді, қызыл түсте келіп тоқтайды, сары түсте жан-жағына қарайды. Кезек-кезек көтеріп көңіл көтереді. (көңілді әуенмен)

**Бағдаршам:** Көп рақмет, енді жол ашық.

Балалар пойызбен әрі қарай жүреді. Тазалық еліне келеді. Балаларға бетперделер (маскаларын тағу).

**Су келеді:**

Су: Сылдырлайды мөлдір су

Мөлдір суға қолың жу

Жуынсаң, сен әрдайым

Аппақ бетің, маңдайың,

Тазалықтың досы,

Су деген мен осы.

- Амансыңдар ма достарым гигиена еліне хош келіпсіңдер. Ал, кіші достарым сендерге сөз берейік, өздеріңді таныстырыңдаршы!

**Сабын:** (Сабын мен ———-)

Дос бол сабын сумен сен

Жиі қолды жуғын сен  
Таңертең де, кешке де  
Жуғын күндіз, түсте сен.

**Орамал:**

Ақ матадай түгі бар,  
Қызыл-жасыл гүлі бар.  
Жұмсақтығы мамықтай  
Сүртінесің жалықпай.  
Тазалықтың досы –

Сүлгі деген осы.

**Тарақ:**

Аузы жоқ, көзі жоқ,  
Тілі жоқ, сөзі жоқ,  
Бірақта тісі бар –  
Басыңмен ісі бар.

**Су:**

- Балалар енді бір ойын ойнайық. «Жаңбыр мен қолшатыр».
- Ал, балалар сендер табиғат, су туралы мақалдар, жұмбақтар білесіңдер ме?

Даян:

Табиғатты сүю парыз  
Сүю үшін қорғау парыз  
Табиғатсыз күнің жоқ

Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ

**Данияр:**

Табиғат төл анамыз

Танысымыз ауамыз.

Аяна О:

Су жерге нәр береді

Жер адамға нан береді.

**Музыка ырғағымен кір қожалақ келеді.**

Амандасу.

**Дене шынықтыру ойындары:**

«Қиындықты жеңіп шық», «Шарды кім көп жинайды?», «Кедергіден өту».

**Жүргізуші:** балалар, кір қожалаққа жұмбақ айтайықшы!

- Еш жерге тұрақтамайды,

Ол жақта жер құрғайды. (су)

- Күнде оған қарайсың,

Қарап шашыңды тарайсың (айна)

- Ал, балалар кір қожалаққа қандай тілек айтамыз? – Балалар жауабы.

**Ақтілек:**

Жуын, жуын, жуынсаң

Қандай жақсы қуыршақ

Әйтпегенде бөпешім

Кірлеп еткен екенсің

**Ислам:**

Сабындаған кезіңде

Ашытады көзіңді

Бола білсең төзімді

Тап-таза етер өзіңді

**Жұлдыз:**

Мақсатыңды ақтап сен

Мықты болу қолыңда

Гигиена сақтап сен

Ережені орында.

**Нұрасыл:**

«Гигиена» – ол білгейсің

Оған көңіл бөлгейсің

Гигиена – тән таза

Гигиена – сау ағза

Әмина Ә: Денсаулықты сақтауға

Тазалықты жақтауға

Қамқор жандар білімдар

Жиналған бір ғылым бар.

**Ән: «Кір қуыршақ».**

**Кір қожалақ:** ой рахмет, мен енді таза боламын, көмектесем бәріне, кішіге де кәріге.

Музыка ырғағымен би қимылын жасап ойнау.

**«Анама кір жууға көмектесем»**

**Жүргізуші:**

Қатар-қатар тұрайық,

Қане,қане сұрайық

Кімнің болса, бойы ұзын,

Паравозы пойыздың.

Пойызбен өз бақшамызға қайтайық.

**«Нұрсәт» бөбекжай-бақшасы**

**«Тазалық еліне саяхат»**

**(сауықтыру)**

**Тәрбиешілері: Азаматова І.Қ**

**Әділқанова Г.А**

**Желтоқсан айы 2021 жыл**

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.